

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 152 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 4 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 5 наурызда № 6796 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 109 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 109 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы

30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және екінші деңгейдегі банктер мен "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы жасайтын операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 152 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5109 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

бүкіл мәтін бойынша "Саудаға арналған", "саудаға арналған" деген сөздер тиісінше "Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын", "әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шетел валютасын, қаржы құралдарын, тазартылған қымбат металдарды, туынды қаржы құралдарын және басқа да активтерді валюталарды

айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруіне немесе банктің жасалатын операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізуді реттейтін ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен олардың әділ құнының сатылған және (немесе) сатылмаған кірістер және (немесе) шығыстар деп бөлмей өзгеруіне байланысты қайта бағалаудан болған кірістердің және шығыстардың сомаларын көрсетуге жол беріледі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Шетел валютасын сатып алу бойынша спот мәмілесін жасаған күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) шетел валютасын сатып алу бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6405 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар"

Кт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция";

шетел валютасын сатып алу бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6905 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер";

2) шетел валютасындағы талаптар сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 2858 "Шетел валютасы бойынша ұзақ валюталық позиция";

3) теңгедегі міндеттемелер сомасына:

Дт 1859 "Шетел валютасының теңгедегі (ұзақ валюталық позицияның) қарсы құны"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер".

Сатып алу бағамының есепке алу бағамынан айырмашылығы болған жағдайда туындайтын айырма туындаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

теріс айырма сомасына:

Дт 5530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 1859 "Шетел валютасының теңгедегі (ұзақ валюталық позицияның) қарсы құны";

оң айырма сомасына:

Дт 1859 "Шетел валютасының теңгедегі (ұзақ валюталық позицияның) қарсы құны"

Кт 4530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша кірістер".";

12-тармақ бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"шетел валютасын сатып алу бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6905 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты

міндеттемелер"

Кт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция";

шетел валютасын сатып алу бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6405 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар";";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Шетел валютасын сату бойынша спот мәмілесін жасаған күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) шетел валютасын сату бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6405 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар"

Кт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция";

шетел валютасын сату бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6905 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер";

2) теңгедегі талаптар сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгедегі (қысқа валюталық позицияның) қарсы құны".

Сатып алу бағамының есепке алу бағамынан айырмашылығы болған жағдайда туындайтын айырма туындаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

теріс айырма сомасына:

Дт 2859 "Шетел валютасының теңгедегі (қысқа валюталық позицияның) қарсы құны"

Кт 4530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша кірістер";

оң айырма сомасына:

Дт 5530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгедегі (қысқа валюталық позицияның) қарсы құны";

3) шетел валютасындағы міндеттемелер сомасына:

Дт 1858 "Шетел валютасы бойынша қысқа валюталық позиция"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер".";

15-тармақ бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"шетел валютасын сату бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6905 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты

міндеттемелер"

Кт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция";

шетел валютасын сату бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6405 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар";";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Бір шетел валютасын басқа шетел валютасына айырбастау (бір мезгілде сатып ала отырып сату) бойынша спот мәмілесін жасаған күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) шетел валютасын сатып алу бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6405 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар"

Кт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция";

шетел валютасын сатып алу бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6905 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер";

2) сатып алынатын шетел валютасы бойынша талаптар сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 2858 "Шетел валютасы бойынша ұзақ валюталық позиция";

3) сатылатын шетел валютасы бойынша міндеттемелер сомасына:

Дт 1858 "Шетел валютасы бойынша қысқа валюталық позиция"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер";

4) ұзақ және қысқа валюта позицияларының қарсы құны сомасына:

Дт 1859 "Шетел валютасының теңгедегі (ұзақ валюталық

позицияның) қарсы құны"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгедегі (қысқа валюталық

позицияның) қарсы құны".";

17-тармақта:

"Кт 4894 "Спот операциялары бойынша кірістер" деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Кт 4530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша кірістер";";

"Дт 5894 "Спот операциялары бойынша шығыстар" деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Дт 5530 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыстар";

18-тармақ бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"шетел валютасын сату бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6905 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер"

Кт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция"; шетел валютасын сату бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6999 "Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6405 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар";

44-тармақтың бірінші бөлігінің екінші сөйлемі "есепін" деген сөзден кейін " осы Нұсқаулықтың 6-1-тарауының талаптарын есепке ала отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тараудың 1-параграфының тақырыбында "саудаға арнап" деген сөздер ", әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

50-тармақтың 4) тармақшасында:

Дт 1207 "Саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы"

Кт 1455 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушыларға есептелген сыйақы"

деген жолдар мынадай мазмұндағы жолдармен ауыстырылсын:

Дт 1744 "Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер"

Кт 1746 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер";

53-тармақта:

"1746 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер" деген жол "." белгісімен толықтырылсын;

мынадай жолдар:

"1207 "Саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы"

1455 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушыларға есептелген сыйақы"." алынып тасталсын;

54-тармақта:

1) тармақшада "1207 "Саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы" деген жол алынып тасталсын;

2) тармақшада:

"Кт 1455 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушыларға есептелген сыйақы" деген жол алынып тасталсын;

"1452 "Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар" деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Кт 1452 "Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар";

55-тармақта "1455 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушыларға есептелген сыйақы" деген жол алынып тасталсын;

56-тармақтың 4) тармақшасында "Дт 1484 "Өтелгенге дейінгі ұсталатын бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы" деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Дт 1745 "Өтелгенге дейінгі ұсталатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер";

58-тармақта мынадай жолдар:

"Кт 1484 "Өтелгенге дейінгі ұсталатын бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы"

1745 "Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер".

мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Кт 1745 "Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер".";

59-тармақта "1484 "Өтелгенге дейінгі ұсталатын бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы" деген жол алынып тасталсын;

60-тармақта:

бірінші бөлігінің екінші сөйлемі "есебі" деген сөзден кейін "осы Нұсқаулықтың 6-1-тарауының талаптарын есепке ала отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлігінде "Кт 1204 "Бағалы қағаздар бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"." деген жол мынадай мазмұндағы жолдармен ауыстырылсын:

"Кт 1451 "Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1486 "Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)".";

61 және 62-тармақтарда "Дт 1204 "Бағалы қағаздар бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)" деген жол мынадай мазмұндағы жолдармен ауыстырылсын:

"Дт 1451 "Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1486 "Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)".";

65-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы сомасына:

Дт 1745 "Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша

есептелген кірістер"

Кт 1744 "Саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер"

1746 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер";";

мынадай мазмұндағы 65-1-тармақпен толықтырылсын:

"65-1. Сату үшін қолда бар бағалы қағаздардан өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздарға қайта жіктелген борыштық бағалы қағаздар бойынша капитал шотындағы сомаларды амортизациялаған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 3561 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздардың құнын қайта бағалау резервтері"

5308 "Өтеуге дейін ұсталатын, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақыны амортизациялау бойынша шығыстар"

Кт 3561 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздардың құнын қайта бағалау резервтері"

4482 "Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконтты амортизациялау бойынша кірістер".";

66-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы сомасына:

Дт 1746 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер"

Кт 1744 "Саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер"

1745 "Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер";";

мынадай мазмұндағы 69-1, 69-2 және 69-3-тармақтармен толықтырылсын:

"69-1. Банк әрбір есепті күні халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына және банктің есеп саясатына сәйкес сату үшін қолда бар үлестік бағалы қағаздардың құнсыздануына тест жүргізеді. Үлестік бағалы қағаздардың құнсыздануының объективті белгілері болған жағдайда осы Нұсқаулықтың 6-1-тарауының талаптарын есепке ала отырып құнсызданудан болған зиянды есептеу жүргізіледі.

Үлестік бағалы қағаздар бойынша құнсызданудан болған зияндарды жабуға арналған резервтерді (провизияларды) құру кезінде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 5464 "Бағалы қағаздар бойынша резервтерге (провизияларға) ақша бөлу"

Кт 1451 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)".

Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша капитал шотында теріс қайта бағалау сомалары болған жағдайда бір мезгілде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1457 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздардың әділ құнын теріс түзету шоты"

Кт 3561 "Сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құнын қайта бағалау резервтері".

69-2. Сату үшін қолда бар үлестік бағалы қағаздардың құнсыздануынан болған зияндар кейін қалпына келтірілмейді.

69-3. Сату үшін қолда бар, құнсызданған үлестік бағалы қағаздарды қалыптастырылған резервтер (провизиялар) есебінен есептен шығарған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 1451 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

Кт 1452 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар";

және, бір мезгілде:

Кіріс 7130 "Зиянға есептен шығарылған борыштар".";

мынадай мазмұндағы 6-1-тараумен толықтырылсын:

"6-1-тарау. Қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалды жабуға арналған резервтердің (провизиялардың) бухгалтерлік есебі

75-1. Банк әрбір есепті күні халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына және банктің есеп саясатына сәйкес қаржы активтерінің құнсыздануына тест жүргізеді. Қаржы активтерінің құнсыздануының объективті белгілері болған жағдайда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құнсызданудан болған зиянды есептеу жүргізіледі. Құнсызданудан болған зиянның халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес есептелген сомаларын бухгалтерлік есепте көрсету жөніндегі бухгалтерлік жазбалар осы Нұсқаулықтың қаржы активтерінің бухгалтерлік есебін реттейтін тиісті тарауларында келтірілген. Бұл ретте Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4580 тіркелген , Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысымен бекітілген Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесіне (бұдан әрі – Агенттіктің жіктеу ережесі) сәйкес құрылуы тиіс резервтер (провизиялар) сомасы мен халықаралық

қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес айқындалған резервтер (провизиялар) сомасы арасындағы айырма банктің ағымдағы жылғы бөлінбеген таза пайдасын түзету есебінен 3300 "Резервтерді (провизияларды) түзету шоты" шотында былайша көрсетіледі:

1) Агенттіктің жіктеу ережесіне сәйкес құрылуы тиіс резервтер (провизиялар) сомасы мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес айқындалған резервтер сомасы арасында оң айырма туындаған (ұлғайған) немесе алдыңғы есепті күні № 3300 баланстық шотында танылған теріс айырма сомасы азайған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 3599 "Бөлінбеген таза пайда (жабылмаған зиян)"

Кт 3300 "Резервтерді (провизияларды) түзету шоты";

2) Агенттіктің жіктеу ережесіне сәйкес құрылуы тиіс резервтер (провизиялар) сомасы мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес айқындалған резервтер сомасы арасында теріс айырма туындаған (ұлғайған) немесе алдыңғы есепті күні № 3300 баланстық шотында танылған оң айырма сомасы азайған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт 3300 "Резервтерді (провизияларды) түзету шоты"

Кт 3599 "Бөлінбеген таза пайда (жабылмаған зиян)".

75-2. Агенттіктің жіктеу ережесіне сәйкес құрылуы тиіс резервтер (провизиялар) сомасы мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес айқындалған резервтер сомасы арасындағы айырманың есебі қосалқы бухгалтерлік есепте Агенттіктің жіктеу ережесінің талаптарына сәйкес жіктелуі тиіс қаржы активтері бойынша қосалқы шоттарға бөле отырып, № 3300 "Резервтерді (провизияларды) түзету шоты" баланстық шотында жүргізіледі.";

79-тармақта "Дт 1458 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары" деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Дт 1461 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары";

81-тармақта "Кт 1458 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары" деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Кт 1461 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары";

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"83. Тазартылған қымбат металдарды сатып алу бойынша спот мәмілесін жасаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) тазартылған қымбат металдарды сатып алу бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6415 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптар"

Кт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция";

тазартылған қымбат металдарды сатып алу бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6915 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер";

2) тазартылған қымбат металдарды теңгеге сатып алу бойынша талаптар мен міндеттемелер сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 2872 "Тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позиция";
бір мезгілде:

Дт 1874 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі (тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позициясының) қарсы құны"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер".

Тазартылған қымбат металдардың әділ құны мен сатып алу құны арасында айырма туындаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

оң айырма сомасына:

Дт 1874 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі (тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позициясының) қарсы құны"

Кт 4540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша кірістер";
теріс айырма сомасына:

Дт 5540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 1874 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі (тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позициясының) қарсы құны";

3) тазартылған қымбат металдарды шетел валютасына сатып алу бойынша талаптар сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 2872 "Тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позиция";

тазартылған қымбат металдарды шетел валютасына сатып алу бойынша міндеттемелер сомасына:

Дт 1858 "Шетел валютасы бойынша қысқа валюталық позиция"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер";
бір мезгілде:

Дт 1874 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі (тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позициясының) қарсы құны"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгедегі (қысқа валюталық позицияның) қарсы құны".

Тазартылған қымбат металдардың әділ құны мен сатып алу құны арасында айырма туындаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

оң айырма сомасына:

Дт 1874 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі

(тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ

позициясының) қарсы құны"

Кт 4540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша кірістер";

теріс айырма сомасына:

Дт 5540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 2859 "Шетел валютасының теңгедегі (қысқа валюталық позицияның) қарсы құны".";

84-тармақ бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"тазартылған қымбат металдарды сатып алу бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6915 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер"

Кт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция";

тазартылған қымбат металдарды сатып алу бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6415 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптар";";

85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"85. Тазартылған қымбат металдарды сату бойынша спот мәмілесін жасаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) тазартылған қымбат металдарды сату бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6415 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптар"

Кт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция";

тазартылған қымбат металдарды сату бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6915 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер";

2) тазартылған қымбат металдарды теңгеге сату бойынша талаптар мен міндеттемелер сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 2873 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі

(тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа

позицияның) қарсы құны";

бір мезгілде:

Дт 1873 "Тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа позиция"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер".

Тазартылған қымбат металдардың әділ құны мен сату құны арасында айырма туындаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

оң айырма сомасына:

Дт 5540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 2873 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі

(тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа

позицияның) қарсы құны";

теріс айырма сомасына:

Дт 2873 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі

(тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа

позицияның) қарсы құны"

Кт 4540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша кірістер";

3) тазартылған қымбат металдарды шетел валютасына сату бойынша талаптар сомасына:

Дт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

Кт 2858 "Шетел валютасы бойынша ұзақ валюталық позиция";

тазартылған қымбат металдарды шетел валютасына сату бойынша міндеттемелер сомасына:

Дт 1873 "Тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа позиция"

Кт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер";

бір мезгілде:

Дт 1859 "Шетел валютасының теңгедегі (ұзақ валюталық

позицияның) қарсы құны"

Кт 2873 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі

(тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа

позицияның) қарсы құны".

Тазартылған қымбат металдардың әділ құны мен сату құны арасында айырма туындаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

оң айырма сомасына:

Дт 5540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 2873 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі

(тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа

позицияның) қарсы құны";

теріс айырма сомасына:

Дт 2873 "Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі

(тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа

позицияның) қарсы құны"

Кт 4540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша кірістер".";

86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Тазартылған қымбат металдарды сату бойынша спот мәмілесін валюталау күні мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

тазартылған қымбат металдарды сату бойынша шартты міндеттемелер сомасына:

Дт 6915 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер"

Кт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция";

тазартылған қымбат металдарды сату бойынша шартты талаптар сомасына:

Дт 6998 "Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция"

Кт 6415 "Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптар";

теңгемен көрсетілген және сатылатын тазартылған қымбат металдар үшін алынатын ақша сомасына:

Дт 1051 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот"

1052 "Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар"

5540 "Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шығыстар"

Кт 1894 "Спот операциялары бойынша талаптар"

4540 Қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша кірістер";

бір мезгілде:

Дт 2894 "Спот операциялары бойынша міндеттемелер"

Кт 1010 "Тазартылған қымбат металдар".";

121-тармақтың 1) тармақшасында "Кт 2731 "Басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар" деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Кт 2727 "Туынды қаржы құралдарымен басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар".";

122-тармақтың 1) тармақшасында "Дт 2731 "Басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар" деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Дт 2727 "Туынды қаржы құралдарымен басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар";

147-тармақтың 2) тармақшасында "Кт 2869 "Кепілдіктер бойынша кредиторлар" деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Кт 2869 "Берілген кепілдіктер".";

148-тармақта және 149-тармақтың 2) тармақшасында "Дт 2869 "Кепілдіктер бойынша кредиторлар" деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Дт 2869 "Берілген кепілдіктер";

150-тармақта "Кт 2869 "Кепілдіктер бойынша кредиторлар" деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Кт 2869 "Берілген кепілдіктер";";

151, 152-тармақтарда және 156-тармақтың 3) тармақшасында "Дт 2869 "Кепілдіктер бойынша кредиторлар" деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Дт 2869 "Берілген кепілдіктер";

166-3-тармақтың "Кт 1406 "Клиенттердің есепке алынған вексельдері бойынша алдыңғы вексель ұстаушылар есептеген сыйақы" деген жолдың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

166-20-тармақтың 2) тармақшасында "Кт 2869 "Кепілдіктер бойынша кредиторлар"." деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Кт 2869 "Берілген кепілдіктер".";

166-21-тармақта және 166-22-тармақтың 2) тармақшасында "Дт 2869 "Кепілдіктер бойынша кредиторлар" деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Дт 2869 "Берілген кепілдіктер";

166-23-тармақта "Кт 2869 "Кепілдіктер бойынша кредиторлар", " деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Кт 2869 "Берілген кепілдіктер";";

166-24-тармақта "Дт 2869 "Кепілдіктер бойынша кредиторлар", " деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"Дт 2869 "Берілген кепілдіктер".

2. 2011 жылғы 1 шілдеде екінші деңгейдегі банктер және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы қосалқы бухгалтерлік есепте Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4580 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысымен бекітілген Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы

провизиялар (резервтер) құру ережесіне (бұдан әрі – Агенттіктің жіктеу ережесі) сәйкес құрылуы тиіс резервтер (провизиялар) сомасы мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес айқындалған резервтер сомасы арасындағы айырманы айқындасын және мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырсын:

1) Агенттіктің жіктеу ережесіне сәйкес құрылуы тиіс резервтер (провизиялар) сомасы мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес айқындалған, ағымдағы жылғы шығыстар есебінен қалыптастырылған резервтер сомасы арасындағы оң айырма сомасына:

Дт 1319 "Басқа банктерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)"

1329 "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)"

1428 "Клиенттерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)"

1451 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1463 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1477 "Еншілес және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1486 "Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1495 "Заемдар және дебиторлық берешек" санатындағы басқа да борыштық құралдар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

Кт 4952 "Басқа банктерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден түскен кірістер"

4954 "Бағалы қағаздар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден түскен кірістер"

4955 "Клиенттерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден түскен кірістер"

4956 "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына

келтіруден түскен кірістер";

және бір мезгілде:

Дт 3599 "Бөлінбеген таза пайда (жабылмаған зиян)"

Кт 3300 "Резервтерді (провизияларды) түзету шоты";

2) Агенттіктің жіктеу ережесіне сәйкес құрылуы тиіс резервтер (провизиялар) сомасы мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес айқындалған, өткен есепті кезеңдердегі шығыстар есебінен қалыптастырылған резервтер сомасы арасындағы оң айырма сомасына (2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша):

Дт 1319 "Басқа банктерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)"

1329 "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)"

1428 "Клиенттерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)"

1451 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1463 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1477 "Еншілес және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1486 "Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1495 "Заемдар және дебиторлық берешек" санатындағы басқа да борыштық құралдар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

Кт 3300 "Резервтерді (провизияларды) түзету шоты";

3) Агенттіктің жіктеу ережесіне сәйкес құрылуы тиіс резервтер (провизиялар) сомасы мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес айқындалған, ағымдағы жылғы шығыстар есебінен қалыптастырылған резервтер сомасы арасындағы теріс айырма сомасына:

Дт 3300 "Резервтерді (провизияларды) түзету шоты"

Кт 3599 "Бөлінбеген таза пайда (жабылмаған зиян)";

және бір мезгілде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5109 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты

бекіту туралы" 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 152 қаулысында белгіленген тәртіппен шығыстар есебінен резервтерді аяғына дейін қалыптастыру бойынша бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асырсын;

4) Агенттіктің жіктеу ережесіне сәйкес құрылуы тиіс резервтер (провизиялар) сомасы мен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес айқындалған, өткен есепті кезеңдердегі шығыстар есебінен қалыптастырылған резервтер сомасы арасындағы теріс айырма сомасына (2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша):

Дт 3300 "Резервтерді (провизияларды) түзету шоты"

Кт 1319 "Басқа банктерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)"

1329 "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)"

1428 "Клиенттерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)"

1451 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1463 "Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1477 "Еншілес және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1486 "Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)"

1495 "Заемдар және дебиторлық берешек" санатындағы басқа да борыштық құралдар бойынша зияндарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)".

3. Осы қаулы 2011 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың жүз елу алтыншы абзацынан бастап жүз алпыс бесінші абзацтары аралығын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Өртембаев А.Қ.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне, "Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамына, екінші деңгейдегі банктерге және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Г. Марченко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК